

Ерлікке тағзым етеміз!

2015 жылы 27 сәуір күні энергетикалық факультеттің 218 тобы Ұлы Жеңістің 70 жылдығының қарсаңындағы куратор сағатын Ұлы Отан соғысының ардагері Кулдеев Бораш ақсақалмен кездесуге арнады. Ардагер 1942 жылы 18 жасында соғысқа аттанып, байланысшы болып, Финляндия, Киров облысы, Прибалтикадағы теңіз әскері қатарында жүріп өткен майдан жолы мен қарулас жолдастары жайлы олардың жасаған ерліктері туралы студенттерге баяндап берді. 1944 жылы сұрапыл соғыста бір аяғынан айырылып, ақсақал елге оралған екен.

Кеудесіндегі жарқыраған I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендері мен «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталуының тарихын сұраған жастарға Бораш ата тебірене отырып жауап берді. Ардагер атамыз жас ұрпақтың ерлік пен батырлықта деген ізет- құрметтеріне өз ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

